

УДҚ 340.128

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

Қоңыратұлы Байдібек

muxametnur@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Заң факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту [3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын,оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты.

Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып,өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШ-та) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем»,«шама», «мөлшер» деген сөзі.

Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт–бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс–шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.[1]

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі– жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: -балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

- оқыту мен тәрбиенің бірлігі; -баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Сол негізгі құрылымның бірі ретінде білім беру жүйесінің толассыз даму және тоқтамсыз өзгеріс үстінде болу, үдерістің бір белгісі екені анық. Әлемдік сарапшылар білім беру жүйесін салыстыруға келетін бірнеше елдерді атап көрсеткен. Олардың алғашқы бестігіне АҚШ, Канада, Сингапур, Финляндия, Швеция тағыда басқа бірнеше елдер жатады. Ол елдер ең алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқулар арасындағы қоғамдастық тағыда басқа жиырма шақты критерийді негізге алған. Жаңа ғасыр көгінде әлем кеңістігіндегі білім беру саласы да жаңа арнаға бет бұрды. Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, ~ талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті міндеттеді. Бұрынғы цензуралық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата-ананың да, баланың да талғамынан, табылмады. Бұл жалғыз біздің елімізді ғана емес, барлық мемлекетті толғандырды. [4]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың

функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», деп атап көрсетті. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. [5] Мұндай бағдарлама біріншіден, халықаралық еңбек нарығында Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі белсенді ойыншы болуы, екіншіден білім беру шарттарының сапасына ұсынылатын қатаң талаптар негізінде дайындау сапасын арттыру.

Бұл модульдік оқыту бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін еңбек нарығының талдамасы мен функционалдық талдама негізінде жұмыс берушілермен тікелей және тығыз байланыста жасалған. Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Басқа салалар секілді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де тың технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп жатыр.

Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені, белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесаспап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдестерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады деп есептеймін.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: *«1. Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.*

2. Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, білім сапасын басқару, стандарттау, бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылады» деп көрсетілген. Бұл дегеніміз мемлекет жас буынның толыққанды сапалы, әрі нарық талабына сай маман шығаруда белсенділік танытатынын, әрі оған жауапты болатынын айқындайды. Қазіргі таңда әлем даму үстінде. Білім, спорт, ғылым, денсаулық, түрлі заманауи технологиялар қарыштап жоғары өрлеп, әркез жаңашылдыққа ұмтылуда.

Мәселен, білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Осы үш бағыт бойынша жұмыс жасау Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында да, ұзақмерзімді стратегияда да қамтылған.

Білім беру мекемелерін оңтайландыру бағыты бойынша мемлекеттік бағдарлама негізінде жасалып жатқан шаралар аз емес. Алдымен, оған «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұрғызылған білім ордаларын айтуға болады. Аталған

бағдарлама аясында 2009-2010 жылдары республикада 219 мектеп, 2010 жылы 93 мектеп салынып, пайдалануға берілген екен. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, бағдарламаның негізгі жоспары - жыл сайын 100 мектеп салу. Осы бағдарламаның аясында еліміздегі әр облыстардағы көптеген елді мекендерде жаңа заманауи білім беру ошақтары ашылды. Әр облыста бой көтерген Назарбаев зияткерлік мектептері осы бағыт негізінде қолға алынған болатын. Жоғары оқу орындарына қатысты айтар болса, қазір жұмыс істеп тұрған барлық ЖОО-ларды тексерістен өткізіп, қорытындысы бойынша олардың санын біріктіру немесе жекелеген мекемелерді тарату қолға алынып жатыр. Бұл да білім беру мекемелерін оңтайландыру бағытында қарастырылатын мәселелердің бірі.

Екінші бағыт - оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту. Бұл бағыттың үдерістері біздегі білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі - академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті сабақтар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейту жоспарланған. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта оқытуды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынды.

Үшінші бағыт - білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Бұған инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерді пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқалар жатады. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияны енгізу, оқушының жеке интеллектуалдық қабілеттерін арттыру бағытында жұмыстанып жатыр. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО-лары да түрлі инновациялық методикаларды пайдалана басталады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастыруда.

Қорыта айтқанда, еліміздегі білім жүйесін дамыту – дәуір талабы екенін «Қазақстан-2050» Стратегиясы айқындап берді.

Хакім Абайдың мынадай сөзі бар: «Балаң білімді, парасатты болсын десең, малыңды аяма» деген. Сондықтан, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін білім беру саласына ерекше көзқарас пен қомақты қаржы бөлінуі керек. Біздің елде осы салаға бөлінген қаражат саны жыл сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Соңғы 15 жылда ел экономикасының өсімі 16 есеге, соның ішінде білім беру саласына жұмсалатын қаражат 9,5 есеге өскен. Яғни, соңғы жылдардың нақты дерегін келтіретін болсақ, мемлекет тарапынан ғылымға бөлінген қаржы 2011 жылы 26,8 млрд. теңгені, 2012 жылы 48 млрд. теңгені құраған екен. Бұл ғылым саласының одан әрі дамуына үлкен септігін тигізеді сөзсіз. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің сайтындағы мәліметтерге сүйенсек, ғылыми зерттеулерге гранттық қаржыландыру қарастырылған екен. Яғни, 2012-2014 жылдарда жүргізілген, әлі де жасалатын ғылыми зерттеулерге бөлінген қаржыландырудың мөлшері 1,731 млрд. теңге құрап отыр.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» атты ұзақмерзімді стратегиясында да білім беру мәселесіне қатысты біраз пікірлер айтылды. Жолдауда еліміздің ұзақ мерзімді дамуындағы негізгі басымдықтарды бірі ретінде білім беру саласы қарастырылған екен. Бұл

маңызды құжатта ұсыныс ретінде 2050 жылға дейін әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі үшін жеке және мемлекеттік білім беру мекемелері ұсынатын оқыту қызметтерінің арасындағы алшақтыққа жол беруге болмауы қажеттігі, білім беру жүйесі жалпы ұлттық күйінде қалуға тиіс екені ерекше аталған. Қорыта айтқанда, еліміздегі білім жүйесін дамыту – дәуір талабы екенін «Қазақстан-2050» Стратегиясы да айқындап берді.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауында да білім саласы қалыс қалып көрген емес. Білім беру саласындағы жаңашылдыққа ұмтылуда инженерлік оқыту, инновациялық зерттеулерді жетілдіру, ғылым мен бизнестің кооперациясы, перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастыратын жол картасын дамыту сынды ұсыныстарды айта кеткен жөн.

Елбасы Н. Назарбаев «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, орта білім беру жүйесінде директорлар корпусының сапасын жақсарту жөнінде шаралар атқару қажет. Екіншіден, мемлекеттік білім беру үлгі-қалыптарының жеке мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда, соның ішінде халықаралық ЖОО-ларда да сақталуына бақылауды жолға қою қажет. Үшіншіден, ЖОО-ларды оңтайландыру үдерісін жүргізу маңызды. Қазақстанда 146 жоғары оқу орны бар. Олардың талайы маман тәрбиелеп шығарудың қажетті сапасын қамтамасыз ете алмайды» - делінген. Демек, елдегі білім беру саласы үлкен өзгерістер қарсаңында тұр. Жоғарыда келтірілген бағыттар жүйелі дамитын болса, білім беру саласы да алға жылжитыны сөзсіз.

Болашақ мамандардың сауатты, білімді болуы да білім ошақтарындағы дұрыс оқытудың нәтижесіне байланысты. Еліміздегі білім беру саласында қордаланған мәселелер өте көп. Мәселен, мұғалімнің білімсіздігі, оқулықтар мәселесі, басшылардың жүгенсіздігі, оқушылардың тәрбиесі, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттер, тағысын тағы. Бұлардың барлығы елдегі білім сапасыздығын арттыратын факторлар саналады. Білім жүйесіне бейжай қарауға болмайды. Өйткені, бүгінгі оқушы - ертеңгі маман. Білімсіз оқушыдан жақсы маман шықпайды тағы белгілі. Сондықтан, білім беру саласына мемлекет тарапынан жасалып жатқан түрлі шаралар, жаңашыл бастамалар осы олқылықтардың орнын толтыруы тиіс.

Мемлекеттің саясаттың қай саласы болмасын белгілі бір нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, сол секілді білім саласында да осы саланы реттейтін белгілі бір заңдар, жарғылар, ережелер, халықаралық келісімдер және сол секілді ресми, заңды күші бар құжаттар бар. Мұндай құжаттардың кез келген елдің білім жүйесінен алатын орны ерекше, себебі осы заңдар білім жүйесін толықтай реттеп, олардың даму бағытын анықтайды.

Ең алдымен білім саласындағы әлемнің барлық елдеріне ортақ заңнамалардан, халықаралық конвенциялардан бастайық. Халықаралық білім заңнамаларындағы негізгі құжат 1948 жылдың 10-шы желтоқсанындағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтары жөніндегі Жалпыға ортақ Декларация болып табылады. Ол құжатта білім мәселелері 3 ережеден тұратын арнайы статъяда көрсетілген.

Біріншіден, адамның білім саласындағы құқықтары айқындалып, бастапқы және жалпы білім берудің ақысыздығы, бастапқы білімнің міндеттілігі, техникалық және кәсіби білімнің қолжетімділігі жөніндегі ереженің ерекшелігі анықталады.

Екіншіден, тұлғаның дамуындағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы, қоғамдық прогресс пен бейбітшілікті қамтамасыз етудегі білімнің позитивті бағыты айқындалады.

Үшіншіден, баланың білім түрін таңдау кезіндегі ата-ананың басымдылығы көрсетіледі. Жалпы алғанда, Декларация мемлекеттер мен халықтар арасындағы білім мәселелері жөніндегі келешектегі келісімдердің саяси-моральдық негіздерін салды.

Білім, ғылым, мәдениет және ақпарат саласындағы жаһандық және аймақтық халықаралық-құқықтық актілерді жасау құқығына ие әлемдегі жалғыз ұйым ЮНЕСКО болып табылады.

Білім саласындағы соңғы онжылдықта ЮНЕСКО қабылдаған барлық халықаралық құжаттарды келесідей құрылымдарға бөлуге болады:

1) Білім саласындағы кез келген формадағы дискриминация саясаты мен тәжірибесін жою, мысалы, «Білім саласындағы дискриминациямен күрес жөніндегі конвенция» (1960);

2) Бейбітшілік, халықаралық өзара түсіністік, демократия мен гуманизм, адам құқықтарын сыйлау рухында тәрбиелеу;

3) Сәби құқықтарын қорғау, білім саласы қызметкерлерін кәсіби және әлеуметтік қорғау, мысалы, «Мұғалімдер жағдайы жөніндегі ұсыныстар» (1966);

4) Білім беруде халықаралық ынтымақтастықты дамыту, оның жекелеген салаларын ұштау, осы саладағы халықаралық статистика мен есептіліктің пайда болуы, мәселен, «Техникалық және кәсіби білім жөніндегі конвенция» (1989), «Ересектерге білім беруді дамыту жөніндегі ұсыныстар» (1976), «Білім саласындағы статистикалық мәліметтерді халықаралық стандарттау жөніндегі ұсыныстар» (1959), оқу курстарын мойындау жөніндегі аймақтық конвенцияла, ғылыми атақ және білім жөніндегі құжаттар және т.б.

Қамту масштабы бойынша білім саласындағы ЮНЕСКО қабылдаған нормативті құжаттарды екі топқа бөлуге болады: жаһандық және аймақтық.

Жарты ғасырдан ұзақ өмір сүріп келе жатқан ЮНЕСКО білім саласын интеграциялауды дамытудың негізін қалады. Білім берудегі мемлекетаралық әріптестік саласындағы ЮНЕСКО қызметінің құқықтың принциптері «Бейбітшілік және әріптестік, халықаралық өзара түсіністік рухында тәрбиелеу жөніндегі» ұсыныстарында көрініс табады:

а) барлық деңгейде және барлық түрде білім берудегі халықаралық аспект және жаһандық перспектива;

б) барлық халықтарды, олардың мәдениетін, өркениетін, құндылықтарын және дәстүрін сыйлау және түсіну;

в) халықтар мен ұлттардың жаһандық өзара тәуелділігінің өсіп келе жатқанын мойындау;

г) өзгелермен қарым-қатынас жасай білуге деген қабілет;

д) жеке тұлғаларға, әлеуметтік топтарға, халықтарға тиесілі құқықтарды ғана білмей, сонымен қатар міндеттерді де білу;

е) халықаралық ізеттілік пен әріптестіктің қажеттілігін түсіну;

ж) жекелеген тұлғаның өз қоғамының, елінің және бүкіл әлемнің мәселелерін шешуге дайын болуы.

Жоғары білім саласындағы саясаттың негізгі принциптері 1998 жылдың қазан айында Париж қаласында өткен Бүкіләлемдік Конференцияда анықталды. Оларға жататындар:

білім алудың қол жетімділігі; білімнің озу сипаты; білім берудің фундаментализациясы; жоғары білімнің диверсификациясы; жоғары білім саласындағы саясаттың гуманизациясы; академиялық бостандық және ЖОО-лардың автономдығы; білімнің берудің ақпараттануы.

Аталған принциптер мен оларды тудыратын шарттар жалпы адамзаттың білім алудағы қажеттілігі тұрғысынан әлемдік қауымдастықтың барлық елдеріне ортақ. Бұлар білім процесін реттейтін халықаралық органдар мен ұйымдардың шешімдерінде көрсетілген.

Ал Қазақстанның білім жүйесіндегі заңнамаларын қарастыру үшін, міндетті түрде КСРО кезіндегі нормативті құжаттарды зерттеуіміз керек, оның себептері өте көп. Бірінші себеп: қазақ елі 70 жыл бойы КСРО құрамында болды; екінші себеп: дәл осы кезде жаппай сауаттандыру басталды; үшінші себеп: жоғары білімнің негізі де осы жетпіс жылдыққа кезеңге келеді, төртінші себеп: кеңестік ғылым әлемдегі ең мықты ғылым болды.

Кеңес Одағының «Халықтық білім беру туралы» заңы 1924 жылы 31 қаңтарда қабылданды және екі бөлімнен тұрды – КСРО-ның білім беру жөніндегі Декларация және КСРО-ның білім беру жөніндегі Келісімі.

КСРО-ның білім беру жөніндегі Декларациясының құрамына білім берудің тек саяси аспектілері кірді, заңдық мәселелер кірмеді. Нақтырақ айтқанда, оның ішінде «капитализм лагерінде – ұлттық жауыздық және теңсіздік, колониалдық құлшылық және шовинизм, ұлттық қанаушылық, империалистік айуандық және соғыстар» делініп, «кеңес лагерінде – өзара сенімділік пен бейбітшілік, ұлттық бостандық және теңдік, ұлттардың татулығы мен бірлігі» екендігі ерекше аталып өтті.

1973 жылдың 19-шілдеде КСРО-ның «Кеңес Одағының және Одақтың республикалардық халықтық білім беру жөніндегі заңнамалардың негізін бекіту» заңы қабылданды. Бұл заң Қазақстанның кейінгі жылдардағы білім саласындағы заңнамаларының

негізін қалауға себепші болды. Осы заңның 5-бабында: «КСРО-ның халықтық білім беру жүйесінің құрамы: мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта білім, кәсіптік-техникалық білім, орта арнаулы білім, жоғары білім, мектептен тыс білім».

Кейіннен бұл құрамға ЖОО-дан кейінгі білім қосылады. Кеңес Одағының білім саласында, ғылым саласындағы жеткен жетістіктерін ескере отырып, осы кездегі білім саясатының негізін осы күнге дейін ұстап тұру идеясын бір жағынан дұрыс деп санаймын, себебі бұл кездегі заңдар, шешімдер, жарғылар талай жылдар бойы зерттеліп, ішкі заңдылықтар, ішкі менталитет, жалпы қоғамның құрылысы ескерілет қабылданды. Сол себепті осы кездегі саясат өз жемісін молынан берді. Қазіргі жағдайда Қазақстанның білім саласындағы заңнамаларында, жалпы жүйеде батыстан алынған элементтер көптеп байқалады. Бұның жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Жақсы жағы: әлемнің ең алдында, ең дамыған елдері сол жүйені пайдаланып келеді және теориялық тұрғыдан өте жақсы дәлелденген және біз осы жүйені пайдалану арқылы сол дамыған елдер деңгейіне ұмтыламыз, ғылымымыз дамып, еліміз дамиды. Жаман жағы: батыс елдерінің жасап шығарған технологиялары, білім саласындағы жаңалықтары өздерінің ішкі қажеттіліктерінен, ерекшеліктерінен шығып отыр және олар Қазақстанның ерекшеліктеріне, халықтың діліне, саяси жүйесіне, экономикалық және әлеуметтік жағдайына сай келмеуі мүмкін, нәтижесінде еліміздегі білім жүйесі өз нәтижесін бермеуі мүмкін, бұл әрине қауіп қана.

Білім саласын Ұлттық деңгейде реттейтін өз еліміздегі заңдарға тоқталатын болсақ, сөзсіз Ата заңымыз – Конституциядан бастаған жөн. Конституциямыздың 30-бабы толықтай дерлік Қазақстан азаматтарының білім алуына арналған, мәселен осы баптың 2-тармағында былай делінген: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар», бұл бойынша жыл сайын мемлекет белгілі бір көлемде талапкерлерге арнап грант бөледі және ол конкурс негізінде іске асады. Ал 30-баптың 3-тармағында: «Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады» – деп жазылып, мемлекеттік грантқа ие болу мүмкіндігіне қол жеткізе алмаған азаматтарға білім алудың жолы көрсетіледі. Конституцияның толықтай бір бабының білімге арналуы, азаматтардың білімі мемлекет үшін өте маңызды дүние екендігін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның «Білім беру туралы» алғашқы Заңы 1992 жылы 18-қаңтарда қабылданды. 1993 жылы 1-сәуірде осы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Одан кейін 1995 жылдың 30-тамызында және 1996 жылдың 27-қаңтарында «Қазақстан Республикасы Президентінің білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Жарлықтар шықты. Бұл кезде Қазақстан жаңа нарықтық жүйеге еніп келе жатты, сол себепті білім жүйесі де жиі-жиі өзгерістерге ұшырап тұрды, оның үстіне жаңа құрылған мемлекет білім жүйесін толықтай меңгере алмады, сол себепті бұл заңда жетілмеген бөлімдер көп болды.

Қазіргі заңнамалардан сол кездегі заңнамалардың басты айырмашылығы жоғары білімді реттейтін арнайы заңның болуында. Қазақстан Республикасының «Жоғары білім беру туралы» Заңы 1993 жылы 10-сәуірде қабылданды, ал 1996 жылдың 27-қаңтарында «Қазақстан Республикасының білім мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Бұл арнайы заңда жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің негізгі субъектісіне нақты анықтама беріледі: «Жеке өзінің өтініші бойынша ректордың бұйрығымен жоғары мектептің біліми-кәсіптік бағдарламаларын меңгеру мүмкіндіктерін бағалау негізінде оқуға алынған адам жоғары оқу орнының студенті болып табылады». Оған қоса, студенттердің міндеттері мен құқықтары, оларды оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру, оқуды аяқтаған соң жұмысқа орналастыру секілді мәселелер қарастырылған.

Өкінішке орай, кейінгі жылдары бұл заң өз күшін жойып, «Білім туралы» заңға қосылып кетті. «Жоғары білім беру туралы» заңда жазылған нақты жайттар, келесі заңдарда

жазылмады, тек Білім және ғылым министрлігінің бағдарламасы, стандарттары ретінде сақталынып қалды.

1999 жылы 7-маусымда аты сәл ғана өзгеріске ұшырап жаңа «Білім туралы» жаңа Заң қабылданды. Тұңғыш рет университет, бакалавр, магистратура секілді білім саласына қатысты негізгі сөздердің бәріне түсінік беріліп, оның мәртебесі, құқықтық негізі айқындалды. Егер алдындағы заң 6 бөлім, 45 баптан тұрса, бұл заң 9 бөлім 50 баптан құралды. «Білім беруді ұйымдастыру», «Білім бағдарламалары және білім деңгейлері», «Білім саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік» секілді жаңа бөлімдер қосылып, заң бұрынғыдан ары қарай жетіле түсті. 1992 жылғы заң бойынша білім берудегі 9 деңгей шашыраңқы көрсетілсе, кейінгі заңда олардың реттеліп білім беру 4 негізгі деңгейге бөлінді:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру;
- 2) Орта білім;
- 3) Жоғары кәсіби білім;
- 4) Жоғарыдан кейінгі кәсіби білім.

Алғаш рет жоғары білімнің өзі 3 деңгейге бөлінді: жоғары негізгі білім, жоғары ғылыми-тәжірибелік білім, жоғары арнайы білім.

Жыл сайын тұрақты түрде болатын «Үздік педагог» және «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атты номинациялары енгізіліп, оларға тағайындалатын сыйақы мөлшері де анықталды.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінің міндеттері де айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Мәселен, 1996 жылғы заң бойынша білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі мынадай болды: қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау. Ал дәл осы міндет 2007 жылғы заңда келесідей мәтінмен өзгереді: отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту. Қазақстан жыл өткен сайын көп ұлтты мемлекетке айналып жатыр,

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы бойынша мына мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады:

- 1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
- 2) әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі;
- 3) білім берудің зайырлы сипаты;
- 4) жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- 5) білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- 6) білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;
- 7) білім беруді басқарудық демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттілігін кеңейту;
- 8) білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;
- 9) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;
- 10) оқушыларды кәсіптік бағдарлау;
- 11) білім беру жүйесін ақпараттандыру;

Сонымен қатар, білім саласына қатысты кезекті маңызды құжаттардың бірі «Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты», соның ішінде «Жоғары кәсіптік білім» стандарты бар. Ол бойынша білім алушы мен білім берушіге қойылатын талаптар мен міндеттер, олардың оқу процесі кезіндегі құқықтары, белгілі бір мамандық бойынша оқытылуға тиіс пәндер тізбегі, оқу бағдарламаларының стандарттары айқындалады, және де әрбір мамандықтың өзінің жекелеген стандарттары болады. Бұл стандарттарды ҚР Білім және ғылым министрлігі шығарады, ал бұл ережелерді, талаптарды жоғары білім берумен айналысатын барлық оқу орындары орындауы тиіс, мейлі ол мемлекеттік болсы, мейлі жекеменшік болсын.

Техника ғылымдарының докторы, профессор М.М.Жасимовтің ҚР «Білім туралы» заңына берген сараптамасында: «Кеңес Одағының білім жүйесінде басты басым болған элементтер: мемлекет, қоғам. Ал жеке адамның мүдделері формалды түрде жарияланғанымен, іс-жүзінде толықтай қарастырылған жоқ».

М.М.Жасимовтың ойынша, тұлға, жұмыс беруші, қоғам, мемлекет секілді басымдықтар заңдастырылуы керек. Бұлай жасамаған жағдайда білім жүйесі нарықтық экономикаға кіре алмайды. Қазіргі заңды қарастырсақ, мұнда жеке индивидке мемлекетке, қоғамға қарағанда көбірек басымдық берген. Азаматтар мемлекеттік грантты иелене алады немесе өз ақшасына оқи алады және қалаған жерінде жұмыс істей алады. Мемлекеттің мүддесі, қажеттілігі ескерілмейді, сондықтан да елде техникалық кадрларға қажеттілік жыл санап өсіп келе жатыр, ал маман әлі тапшы, жастардың көпшілігі әлі күнге дейін аты құлаққа жағымды «заңгер», «экономист» секілді мамандықтарды оқып, түбінде жұмыссыз қалып немесе өзге салаға ауысып жатады.

Шынымен де, адамдарға білім беруде мемлекеттік тұрғыдан қарап, мемлекеттің ұстанымы басым болуы керек. Бұл жердегі басымдық дегеніміз, білім саласын Білім және ғылым министрінің реттеуі емес, ол онсыз да осы саланы реттейді, мәселе білім саласындағы болып жатқан барлық жаңалықтар мемлекетке пайда алып келу керек. Мәселен, қазір мемлекет жыл сайын 3000-ға жуық адамды «Болашақ» бағдарламасы бағдарламасы бойынша оқытып жатыр, бірақ осы болашақтықтардың елге оралып керемет жаңалық ойлар тауып жатқаны шамалы, оған қоса олардың бір тобы Отанына оралудан бас тартады, мемлекеттік мүддесі ескерілмеді, патриоттық сезім сезілмеді. Осындай олқылықтардың болуына себеп – білім саласындағы заңнаманың толықтай жетілмегендігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие.-М.:Высш.шк.,2016г.
3. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2017
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2016 ж.
6. Білім беру саясаты: теориялар және тұжырымдамалар, даму стратегиясының тенденциясы / А.К.Мынбаева, Ш.Т.Таубаева, А.А.Булатбаева, Н.Анарбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 227 б.
7. Білім беру саясаты: үдеріс, тақырыптар, әсерлер/Les Bell, Howard Stevenson. – LONDON AND NEW YORK: Routledge Taylor &Francis Group
8. Thrupp, Willmott R. (2003) Тайм менеджменттегі білім беруді басқару: Beyond the Textual Apologists, Maidenhead: Ашық университеттік пресса
9. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2015 – 569 б.
10. Гайдамак О.Е., Пахомова Е.А. Әлеуметтік-экономикалық фактордың РФ білім беруді дамытуға әсері. 21 басылым. Экономикадағы көрінісінің мәселесі. УДК 300-399-33 / <http://www.regec.ru/articles/2015/vol1/2.pdf>